

**Физика пәнін оқытуда
компьютерлік технологияларды
пайдаланудың маңызы**

**Ақпараттық-коммуникациялық
технологияларды пайдаланудың
артықшылықтары**

Мұғалім үшін:

- Оқу уақытын тиімді пайдалану, сабақтың мазмұнын байыта түсу;
- Аудио-видео арқылы ақпаратты визуалды беру және қабылдау мүмкіндігі;
- Оқушыларды белсенді іс-әрекетке қосу;
- Сабақта оқушылардың ақпараттық-коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру;
- Оқушылармен жекедара және іріктей жұмыс істеу мүмкіндігі;
- Оқушылармен жұмыстың әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалану;
- Жалықтырар қағаз жұмысынан босату;
- Сабақтардың қызықты да іскерлік көңіл-күйін жасау.

Оқушы үшін:

- Ақпараттың қолжетімділігі;
- Сабақ оқушының заманауи технологиялық дүниетанымына сай әдістермен өтеді;
- Әр оқушы өз қабілеті мен екпінінде оқи алады;
- Өзінше ойлауды дамытады;
- Дербестікке, өзінше шешім қабылдай білуге тәрбиелейді;
- Өз қабілет-қарымына сенімді бекітеді.


Компьютерлік сабақтардың түрлері

- *Мультимедиалық жабдықтармен өтілетін сабақ*
- *Компьютерде өтілетін сабақ*
- *Интернетпен өтілетін сабақ*


Мультимедиалық жабдықтармен өтілетін сабақ

Мұндай сабақта мультимедиалық техникалық құралдар түрлі ұсынымдағы ақпараттарды аралас пайдалануға мүмкіндік береді: дыбыстық, графикалық, видео және аудио ақпараттарды. Мұғалім оқу процесінің басты тұлғасы да, басты ақпарат көзі де болып қала береді, ал мультимедиалық құралдар ақпараттың барынша көрнекі және жан-жақты, тартымды да қолжетімді болуына қызмет етеді, сол арқылы оқу мазмұнының жеңіл де сапалы қабылдануын қамтамасыз етеді.

Мультимедиалық сабақ мына бағыттарда өтілуі мүмкін:




Бұл сабақта мынадай мультимедиалық оқу құрал-жабдықтары қолданылуы мүмкін:



Компьютерде өтілетін сабақ

Сабақты не оның бір бөлігін оқушылардың тікелей компьютерлерде жұмыс істеуі арқылы өткізуге болады. Әрине, бұл сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сай қажеттіліктен туындауы тиіс.

Сабақтардың мынадай түрлері болуы мүмкін:



Интернетпен өтілетін сабақ



Физиканы оқуға арналған компьютерлік программалар

**Бұл программаларды сабақтарда пайдалану
мақсатына сай былай топтауға да болады:**

- оқыту программалары;
- демонстрациялық программалар;
- компьютерлік модельдер;
- компьютерлік лабораториялар;
- лабораториялық жұмыстар;
- есеп топтамалары;
- бақылау программалары;
- компьютерлік дидактикалық материалдар.

Зерттеу-сабақ.

Мұғалімнің басшылығымен оқушылар компьютерде кіші-гірім зерттеу жүргізіп, керекті нәтижелер алуға жұмылдырылады. Бұл компьютерлік модельде өте жылдам орындалады.

Оқушылар өздігінен шығармашылық жұмыс істеуге, теориялық білімді тәжірибеде жаратуға мүмкіндік алады. Физикалық құбылыстың моделін тікелей көзбен көре отырып, мәнісіне тереңірек үңіледі. Мұғалім тек көмекші ретінде қолдауы керек.

**Физика есептері модель түрінде беріледі.
Есептерді шығарып, артынша нәтижелерін
компьютерде бірден тексеру сабағы.**

Нәтижелер компьютерлік модельде тәжірибе түрінде тексеріледі. Оны әрбір оқушы өздігінен жасап, шығармашылық-танымдық қызығу тудырады.

Бұл бір ғылыми зерттеу секілді өтеді. Есептерді оқушылардың өзіне құрастыруға беруге де болады.

Назарларыңызға рахмет!